



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ ТУРАЛЫ

ОҚУ ЖЫЛЫН АЯҚТАУ

9, 11 сыныптардың қорытынды бітіру емтихандары

9 сынып

Қорытынды бітіру емтихандары
29 мамыр-10 маусым

- оқыту тілі
(қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі)
- математика (алгебра)
- қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі мен әдебиеті
- таңдау пәні

11 сынып

Мемлекеттік бітіру емтихандары
30 мамыр-13 маусым

- оқыту тілі
(қазақ/орыс/ұйғыр/өзбек/тәжік тілі)
- алгебра және анализ бастамалары
- Қазақстан тарихы
- қазақ тілі мен әдебиеті/орыс тілі мен әдебиеті
- таңдау пәні

Білім беру ұйымдарында жалпы орта білім туралы аттестаттарды тапсыру ағымдағы жылғы **16-17 маусым аралығында** жүргізілуі тиіс.

11 (12) СЫНЫПТАРДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА

30

мамыр

Қазақстан тарихы
бойынша ауызша
емтихан

Емтихан билеттер
бойынша өткізіледі.
Барлығы 30 билет, әр
билетте білім алушылар
ауызша жауап беретін үш
сұрақ беріледі.
Жоғары балл-**30**

3

маусым

Алгебра және анализ
бастамалары бойынша
жазбаша емтихан

Емтихан жұмысы 2
бөлімнен тұрады.
А бөлімінде ұсынылған бес
жауаптың ішінен бір дұрыс
жауапты таңдайтын 15
тапсырма бар.
Тапсырмалар 1 балмен
бағаланады.
В бөлімінде қысқа немесе
егжей-тегжейлі
жауаптарды қажет
ететін 10-12 тапсырма
бар. Тапсырмалар 2-8
балмен бағаланады.
Жоғары балл-**60**

6

маусым

қазақ тілі мен
әдебиеті/орыс тілі мен
әдебиеті бойынша
жазбаша емтихан

Емтихан жұмысы 2 бөлімнен
тұрады. Бірінші бөлім екі
мәтінмен жұмыс жасауды
қамтиды (мәтіндердің жалпы
көлемі – 600-650 сөз). Екінші
бөлімде ЖМБ сыныптарда
білім алушылар бір жазбаша
жұмыс орындайды– эссе (200-
250 сөз). ҚГБ сыныптарда
білім алушылар 200-250 сөзден
тұратын жазбаша жұмыс
(мақала, эссе, көпшілік
алдында сөйлеу, рецензия және
басқалар) жазу ұсынылатын
үш тапсырманың ішінен бір
тапсырманы таңдайды.
Жоғары балл-**40**.

12

маусым

таңдау пәні бойынша
жазбаша емтихан (физика,
химия, биология, география,
геометрия, дүниежүзілік
тарих, құқық негіздері,
әдебиет (оқыту тілі
бойынша), шет тілі
(ағылшын/француз/неміс),
информатика)

Емтихан жұмысы екі
бөлімнен тұрады.
Тапсырмаларда төрт қысқа
мәтін бар, олардың жалпы
көлемі 400 сөзден аспайды.
Жоғары балл-**40**

13

маусым

Оқыту тілі бойынша
жазбаша емтихан
қазақ /орыс
ұйғыр/тәжік/өзбек

Емтихан жұмысы 2-3
бөлімнен тұрады:
ұсынылған жауаптардың
ішінен бір дұрыс жауапты
таңдайтын тапсырмалар;
Қысқа немесе егжей-
тегжейлі жауаптарды
қажет ететін 4-5
тапсырма; шағын зерттеу

«АЛТЫН БЕЛГІ» БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР



«Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлер үшін «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша қорытынды аттестаттауды НЗМ-де өткізу туралы норма алынып тасталады.

Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты және «Алтын белгі» белгісі осы талаптарға сай келетін 11-сынып оқушыларына беріледі:

Министрдің бұйрығымен қорытынды аттестаттаудан босатылған жалпы білім беретін пәндер бойынша соңғы үш жылдағы халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары болып табылатын «Алтын белгі» аттестатын алуға үміткерлерге жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестаты беріледі.

11-сыныптың барлық білім алушылары қорытынды аттестаттауды оқитын орны бойынша мектептерде өтеді.

5-11 сыныптардағы барлық пәндер бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған;
орта білім туралы Үздік аттестат алған;
10-11 сыныптардағы барлық пәндер бойынша тоқсандық бағалары «5» болған;
жалпы орта білім беруді аяқтағаннан кейін қорытынды аттестаттаудан «5» бағасына өткен білім алушыларға.

Бұған дейін жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатын алу үшін қорытынды аттестаттауға қатысу міндетті болатын.